

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 70 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 30 мамырдағы
№ 70 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық дәрілік заттар айналымын реттеу қағидалары туралы" 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде пайдаланады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін "ұлттық ақпараттық ресурс" ұғымы Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) ветеринариялық дәрілік заттар айналысы саласындағы уәкілетті органы және (немесе) мүше мемлекеттің осы органға ведомстволық бағынысты сараптама мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) қалыптастыратын және жүргізетін, мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде анықталған жануарлардағы жағымсыз реакциялар, оның ішінде ветеринариялық дәрілік препараттарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда көзделмеген жанама әсерлер туралы мәліметтерді (бұдан әрі

– тиісінше – жағымсыз реакциялар туралы мәліметтер, жағымсыз реакция) қамтитын ақпараттық ресурсты білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.SS.14, 0.1.1. нұсқа

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты тіркелген медициналық бұйымдар туралы ақпарат алмасумен байланысты шығасыларды медициналық бұйымдардың айналысы саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру есебінен азайту үшін алғышарттар жасау болып табылады

Жалпы процестің мақсаты Одақтың кедендік аумағында ветеринариялық мақсаттағы сапалы, қауіпсіз және тиімді тауарлардың айналысын қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау, сондай-ақ мүше мемлекеттер аумақтарында ветеринариялық мақсаттағы тауарлардың сапасына, қауіпсіздігіне және тиімділігіне қойылатын міндетті талаптардың бірлігін қамтамасыз ету және ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар мен жанама әсерлер туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау жолымен оларды сақтау есебінен ветеринариялық дәрілік препараттардың айналысын бақылау (қадағалау) саласындағы уәкілетті органдардың функцияларын орындаудың тиімділігін арттыру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ұлттық ақпараттық ресурстардан алынатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтердің негізінде жануарлардағы жағымсыз реакциялар, оның ішінде мүше мемлекеттердің аумақтарында анықталған ветеринариялық дәрілік препараттарды қолдану жөніндегі

нұсқаулықта көзделмеген жанама әсерлер туралы бірыңғай ақпараттық дерекқорды (бұдан әрі – бірыңғай дерекқор) құруын, қалыптастыруын, жүргізуін, сондай-ақ уақтылы өзектендіруін қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органдардың сұрау салу бойынша бірыңғай дерекқордан мәліметтер алуын қамтамасыз ету;

в) берілген параметрлер бойынша мәліметтерді іздеу және ұсыну, мәліметтерді белгілі бір форматтарда қарау, жүктеп салу және сақтау, Одақтың ақпараттық порталының мәліметтерін жаңартуға жазылуды ресімдеу және мүдделі тұлғаларды жедел ақпараттандыру мүмкіндігімен бірыңғай дерекқордан өзекті және анық мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

г) жағымсыз реакциялар туралы уәкілетті органдарды өзара жедел хабардар етуді (хабарламаны) (бұдан әрі – жағымсыз реакцияны анықтау туралы хабарлама) қамтамасыз ету;

д) қазіргі уақытта уәкілетті органдар қолданатын және ұлттық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және жүргізу, жағымсыз реакциялар туралы мәліметтермен алмасу үшін қажетті тізбелерді, жіктеуіштер мен анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және өзектендіру, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың: бірыңғай дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді, сондай ақ Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқордан мәліметтерді жариялауды, уәкілетті органға сұрау салу бойынша бірыңғай дерекқордан мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын органы
P.SS.14.ACT.001	уәкілетті орган	мыналарды: ұлттық ақпараттық ресурсты қалыптастыруды және жүргізуді; Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру үшін Комиссияға жағымсыз реакциялар туралы мәліметтерді ұсынуды; сұрау салу бойынша бірыңғай дерекқордан жағымсыз

		реакциялар туралы мәліметтер алуды; жағымсыз реакцияның анықталғаны туралы хабарламаны хабардар етілетін уәкілетті органға жолдауды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.14.ACT.002	хабардар етілетін уәкілетті орган	мыналарды: ұлттық ақпараттық ресурсты қалыптастыруды және жүргізуді; жағымсыз реакцияның анықталғаны туралы хабарламаны алуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.14.ACT.003	мүдделі тұлға	жеке немесе заңды тұлғалар, сондай-ақ Одақтың ақпараттық порталында мәліметтерді сұрататын және алатын бірыңғай дерекқордан мәліметтер алуға мүдделі мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өкілдері

3. Жалпы процестің құрылымы


10. Жалпы процесс мақсатына қарай топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.14.PGR.001);
- б) бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.14.PGR.002);
- в) уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері (P.SS.14.PGR.003).

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындаған кезде уәкілетті органдар жағымсыз реакциялар туралы мәліметтерді қамтитын ұлттық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және жүргізу мен толық және өзекті бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мүдделі тұлғалар үшін Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқордан мәліметтерді жариялау мақсатында көрсетілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуды қамтамасыз етеді. Комиссия сұрау салу бойынша уәкілетті органның бірыңғай дерекқордан мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органдар басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын жағымсыз реакцияның анықталғаны туралы хабардар етуді де жүзеге асырады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процестің мақсатына қарай топтастырылған рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы схема келтіріледі, ол жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және рәсімдерді орындау тәртібін көрсетеді. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотация пайдаланып жасалған және оның мәтіндік сипаттамасы бар.

4. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.001) тобы

15. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің аумағында жағымсыз реакцияларды анықтау және ұлттық ақпараттық ресурсқа олар туралы мәліметтерді қосу немесе өзгерту фактілері бойынша жүзеге асырылады.

Жағымсыз реакция анықталған кезде "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімі орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

Жағымсыз реакция туралы мәліметтер өзгерген кезде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімі орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган жағымсыз реакция туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 70 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 70 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқор қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

16. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.14.PGR.001) тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.14.PGR.001) тобының жалпы схемасы

17. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.001) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.001) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.14.PRC.001	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган оларды бірыңғай дерекқорға қосу және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.SS.14.PRC.002	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу және өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін жағымсыз реакция туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады

5. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.002) тобы

18. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрату алған кезде орындалады.

Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде сұратулардың мынадай түрлері өңделеді:

бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату;

бірыңғай дерекқордан мәліметтер сұрату;

бірыңғай дерекқордан мәліметтерді өзгертуді сұрау.


Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордағы мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады. Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асырған кезде "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімі орындалады.

Бірыңғай дерекқордан мәліметтер сұрату уәкілетті орган бірыңғай дерекқордағы жағымсыз реакциялар туралы барлық мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Бірыңғай дерекқордағы мәліметтер не толық көлемде, не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұратуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу" (P.SS.14.PRC.004) рәсімі орындалады.

Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгертуді сұрату кезінде бірыңғай дерекқорға қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салу орындалған сәтке дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер беріледі. Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді өзгертуге сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер алу" (P.SS.14.PRC.005) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс

19. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу (P.SS.14.PGR.002) рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.14.PGR.002) тобының жалпы схемасы

20. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.002) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.002) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.14.PRC.003	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалауды жүзеге асырады
		рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган бірыңғай дерекқорда қамтылған жағымсыз

P.SS.14.PRC.004	бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу	реакциялар туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша алуды жүзеге асырады
P.SS.14.PRC.005	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтермен үндестіруді жүзеге асырады

6. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.003) тобы

21. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерін орындау жағымсыз реакциялар анықталған жағдайлар туралы уәкілетті органдарды өзара хабардар етудің жеделдігін арттыру мақсатында мүше мемлекеттің аумағында жағымсыз реакцияларды анықтау және ұлттық ақпараттық ресурсқа олар туралы мәліметтерді қосу немесе өзгерту фактілері бойынша жүзеге асырылады.

Жағымсыз реакция анықталған немесе ұлттық ақпараттық ресурста ол туралы мәліметтер өзгерген кезде "Жағымсыз реакцияны анықтау туралы хабарлама" (P.SS.14.PRC.006) рәсімі орындалады, оны орындау барысында уәкілетті орган жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жағымсыз реакцияны туралы мәліметті жібереді.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 70 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуға тиіс.

22. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері (P.SS.14.PGR.003) тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері (P.SS.14.PGR.003) тобының жалпы схемасы

23. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.003) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің (P.SS.14.PGR.003) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.14.PRC.006	Жағымсыз реакцияны анықтау туралы хабарлама	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган хабардар етілетін уәкілетті органға жағымсыз реакцияның анықталғаны туралы хабарламаны қалыптастыруды және жіберуді жүзеге асырады

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушалар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.14.BEN.001	жағымсыз реакция туралы мәліметтер	бірыңғай дереккорды қалыптастыру және жүргізу үшін ұсынылатын, бірыңғай дереккордан сұратылатын, сондай-ақ уәкілетті органдардың хабарламалары кезінде берілетін жағымсыз реакциялар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту Шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде берілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 сәйкес әлем елдері кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.041	дәрілік нысандардың номенклатурасы	сыныптауыш	дәрілік нысандардың кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандар сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандар кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілердің кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.099	ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша ұсынылатын деректердің ақпараттық мәртебесінің анықтамалығы	анықтамалық	ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша ұсынылатын деректердің ақпараттық мәртебесінің кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
			ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған


P.SS.14.CLS.001	ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар түрлерінің кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.14.CLS.002	ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша ұсынылатын деректердің ақпараттық мәртебесінің анықтамалығы	анықтамалық	ветеринариялық дәрілік препараттарды қолданған кезде жануарларда анықталған жағымсыз реакциялар бойынша ұсынылатын деректердің ақпараттық мәртебесі кодтарының және атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.14.PGR.001)

"Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімі

27. "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

28. "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімін уәкілетті орган жағымсыз реакция туралы мәліметтерді ұлттық ақпараттық ресурсқа қосқан кезде орындайды.

29. Алдымен "Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

30. Комиссияға бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды бірыңғай дерекқорға қосуды жүзеге асырады және мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарламаны уәкілетті органға жолдайды.

31. Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.14.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқорға қосылған мәліметтерді жариялау" (P.SS.14.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай дерекқордан алынған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

33. Жағымсыз реакция туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

34. "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу" (P.SS.14.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.14.OPR.001	бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген

P.SS.14.OPR.002	бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.003	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.004	бірыңғай дерекқорға қосылған мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

8-кесте

"Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.001
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган жағымсыз реакция туралы мәліметтерді ұлттық ақпараттық ресурсқа қосқан кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жолдайды
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтер Комиссияға жолданды

9-кесте

"Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.002

2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы жағымсыз реакция туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы көрсетілген мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосуды жүзеге асырады, олардың жаңартылған күні мен уақытын толтырады, Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің кодының мәні бар мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жолдайды
7	Нәтижелер	алынған мәліметтер бірыңғай дерекқорға қосылды, мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

"Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.14.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға қосу нәтижесі туралы хабарламаны уәкілетті орган алды және өңделді

11-кесте


"Бірыңғай дерекқорға қосылған мәліметтерді жариялау" (P.SS.14.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.004
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға қосылған мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
		жағымсыз реакция туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға

4	Орындау шарттары	қосқан кезде орындалады (" Бірыңғай дерекқорға қосу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқордан қосылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқордан алынған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімі

35. "Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. "Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімі уәкілетті орган ұлттық ақпараттық ресурста жағымсыз реакция туралы мәліметтерді өзгерткен кезде орындалады.

37. Алдымен "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

38. Комиссияға жағымсыз реакция туралы мәліметтер келіп түскен кезде бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізуді жүзеге асырады және бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны уәкілетті органға жолдайды.

39. Уәкілетті органға бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.14.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.SS.14.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай дерекқордың өзгертілген мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

41. Бірыңғай дерекқорда қолайсыз реакция туралы мәліметтерді өзгерту және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

42. "Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Бірыңғай дерекқорда мәліметтерді өзгерту" (P.SS.14.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.14.OPR.005	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.006	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген

P.SS.14.OPR.007	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.008	бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

13-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.005) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.005
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган ұлттық ақпараттық ресурста жағымсыз реакция туралы мәліметтерді өзгерткен кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жолдайды
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтер Комиссияға жолданды

14-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.006) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.006
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу

3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтер алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.SS.14.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға қосу үшін жағымсыз реакция туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы өзгертілетін мәліметтердің қолданысының аяқталу күні мен уақытын алынған өзгертілген мәліметтердің қолданысының басталу күні мен уақытының мәнімен толтырады. Орындаушы алынған мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізеді, олардың жаңартылған күні мен уақытын толтырады, Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өзгертуге сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жолдайды
		алынған мәліметтер бірыңғай дерекқорда өзгертілді, бірыңғай

7	Нәтижелер	дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді
---	-----------	---

15-кесте

"Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.14.OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.007
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны уәкілетті орган алды және өңдеді

16-кесте

"Бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.SS.14.OPR.008) операциясының сипаттамасы


Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3

1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.008
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай дерекқорда жағымсыз реакция туралы мәліметтер өзгерген кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SS.14.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқордан қосылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

2. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.14.PGR.002)

"Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімі

43. "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

44. "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімі ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтердің жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты бірыңғай дерекқордың тиісті ақпаратымен үндестіру қажет болған кезде, яғни, ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын қолайсыз реакциялар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордағы мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады.

45. Алдымен "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату" (P.SS.14.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

46. Комиссия бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Сұрау салуды өңдеу және бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну" (P.SS.14.OPR

.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қалыптастырады және уәкілетті органға жолдайды.

47. Уәкілетті орган бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.SS.14.OPR.011) операциясы орындалады.

48. Уәкілетті органның бірыңғай дерекқордың жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпарат алуы "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

49. "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.14.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.SS.14.OPR.009	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.010	сұрау салуды өңдеу және бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.SS.14.OPR.011	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату" (P.SS.14.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.009
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату
3	Орындаушы	уәкілетті орган

4	Орындау шарттары	рәсімі ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын жағымсыз реакциялар туралы мәліметтердің жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты бірыңғай дерекқордың тиісті ақпаратымен үндестіру қажет болған кезде, яғни, ұлттық ақпараттық ресурста сақталатын қолайсыз реакциялар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордағы мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жолдайды
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу Комиссияға жолданды

19-кесте

"Сұрау салуды өңдеу және бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну" (P.SS.14.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.14.OPR.010
2	Операцияның атауы	сұрау салуды өңдеу және бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
